

Садықова Р.О.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
халықаралық қатынастар және
әлемдік экономика кафедрасының
аға оқытушысы, т.ғ.к.

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАПОНИЯ МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Бүгінгі уақытта Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастардағы өзінің экономикалық, саяси мүмкіндіктері бойынша әлемді мойындатқан беделді мемлекетке айналды. Тәуелсіздік алған 20 жылдан астам уақытта мемлекетіміздің әлеуеті артып, әр түрлі саладағы көптеген жетістіктерге жеттік. Әсіресе, соңғы жылдардағы Қазақстан Республикасының Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы сияқты аймақаралық байланыстарды дамытатын ұйымдардағы төрағалық міндетін абыроймен атқарып шығуы еліміздің халықаралық қауымдастағы ірі жетістіктерін көрсетеді. Мұндай еліміздің айқын табыстары оның осы уақытқа дейінгі ішкі және сыртқы саясатының дұрыс бағытта дамығандығын айқындайды.

1991 жылдан бері Қазақстан Республикасының басшылығы демократиялық әр бейбіт мемлекет ретіндегі даму жолын таңдайтығын мәлімдеді. Біздің еліміз посткеңестік кеңістіктегі тәуелсіздігін алған мемлекеттердің ішінде алғашқы болып ядролық қарудан бас тартуға ұмтылысын білдірді. Сыртқы саясатында да ел басшылығы көпвекторлық дипломатияны жариялады. Көпвекторлық сыртқы саяси тұжырымдамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Еуропа мен Азия арасындағы көпірге айналуға тырысты. Әсіресе, әлемдегі жетекші мемлекеттердің мүдделерін өз мемлекетіміздің мүддесімен ұштастыру аса үлкен жауапкершілікті талап етті. Атап өтер болсақ, халықаралық экономикалық қатынастардағы АҚШ, Қытай, Жапония сияқты алпауыт мемлекеттермен қарым-қатынастарды дамыту тәуелсіздіктің бастапқы жылдарындағы аса маңызды міндет болатын. Мұндай міндеттержі жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының басшылығы бұл аталған жетекші елдермен екіжақты және Орталық азия аймағы атынан «аймақтық» деңгейде байланыстарды орнатуға ұмтылды. Осындай қазіргі таңдағы табысты ынтымақтастықтың айқын мысалы – Жапония мен Орталық Азия мемлекеттерінің қарым-қатынастары.

Қазіргі кезеңдегі Жапония мен Орталық Азия арасындағы байланыстардың дамуында ХХ ғ. 90-шы жж. бастап бірнеше кезеңді бөліп қарастыруға болады. Жапонияның Орталық Азияға қатысты саясатын ХХ ғ. 90-жж. бастап қарастырғанда оның дамуынағы екі кезеңдік бөліністі атап көрсеткен жөн:

Бірінші кезең – 1991-1996 жж. арасындағы Жапония мен Орталық Азия арасындағы қарым-қатынастардың қалыптасуы кезеңі деп сипаттауға болады. Жапонтанушы мамандардың атап өткеніндей: «1991-1996 жж.

Жапонияның Орталық Азиядағы іс-әрекеттерін инерциялық жолмен келе жатқан дамыған және дамушы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды орнатудың қалыптасқан процедурасы ретінде сипаттауға болады» [1].

XX ғ. 90-жж. Жапонияның сыртқы саясатында Орталық Азия аймағы елдеріне айрықша назарын аударды. 1991-1996 жж. Жапонияның Орталық Азиядағы сыртқы саяси стратегиясында келесі бағыттар бойынша міндеттер белгіленді:

- Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздігін мойындау мен дипломатиялық қарым-қатынастарды орнату;

- Орталық Азия елдерін «дамушы елдер» мәртебесін беру және оларға «Дамуға ресми көмек» бағдарламачы арқылы қолдау көрсету,

- Келешектегі қарым-қатынастардың дамуына негіз ретінде КСРО мен Жапонияның арасындағы жекелеген халықаралық келісімдерге қатысты құқық мирасқорлығы мәселесін шешу;

- Жаппай қырып жою қаруын иемденуден және оны таратудан бас тартуды бекіту;

- нарықтық экономикаға өту жағдайында экономикалық реформалар мен құрылымдық өзгерістерді қолдау, демократияның институттық негізде қалыптасуы және демократиялық қоғамды қалыптастыруда көмек көрсету.

Жапон үкіметі Орталық Азияға қатысты сыртқы саясатты жүзеге асырудың алғашқы міндеті ретінде дипломатиялық байланыстарды орнатудан бастады. XX ғ. 90-жж. басында Жапония әр Орталық Азия мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынастарды орната бастады. 1991 ж. 28 желтоқсанында Жапония үкіметі барлық жаңа тәуелсіз Орталық Азия мемлекеттерінің егемендігін мойындайтындығы туралы жариялады. 1992 ж. 26 қаңтарында Мәскеуде Жапонияның Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанмен дипломатиялық қарым-қатынастарды орнату туралы хаттармен алмасты, 1992 ж. ақпаны мен сәуірінде сәйкесінше Тәжікстан және Түрікменстанмен қарым-қатынастардың негізі қаланды. Сонымен қатар, Жапония мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың дамуына тараптардың ресми өкілдерінің кездесулері маңызды рөл атқарды. Мәселен, 1992 ж. сәуірінде Жапонияның вице-премьері мен сыртқы істер министрлерінің Қазақстан, Қырғызстан және Түрікменстанға ресми іс-сапарлары, ал 1992 ж. қазанында Жапонияның қаржы министрінің орынбасары Т. Титоның Өзбекстанға ресми іс-сапары болды. Бұл кездесулер Жапония мен Орталық Азия мемлекеттерінің саяси басшылығы арасында келешектегі әр түрлі саладағы ынтымақтастық бағыттарын айқындауға ықпал етті.

Жапонияның Орталық Азияға қатысты саясатындағы аймақ мемлекеттерін мойындаудан кейінгі жасаған келесі іс-шара – оларға экономикалық қолдау көрсетуі. Ең алдымен, Жапония Орталық Азия мемлекеттерін дамушы мемлекеттер мәртебесінде мойындауға бағытталған экономикалық көмегін ұсынды.

1993 ж. 1 қаңтарында Жапонияның бастамасымен Экономикалық ынтымақтастық және даму бойынша ұйымның Даму бойынша комитеті

барлық Орталық Азия мемлекеттерін дамушы мемлекеттер қатарына қосты. Бұл өз кезегінде Жапонияның «Дамуға ресми көмек бағдарламасы» шеңберінде жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Жапонияның Дамуға ресми көмегі Экономикалық ынтымақтастық және даму бойынша ұйым сияқты халықаралық ұйымдардың салымдары мен үкіметтік қарыздар сипатындағы мемлекеттік көмек, қайтарымсыз субсидиялар мен техникалық көмек түрлерін қамтиды. Төменгі пайыздық көлемдегі және ұзақ мерзімге бағытталатын иендік қарыздарға жауапкершілік Шет мемлекеттермен экономикалық ынтымақтастық бойынша Қорға (OECD) жүктелген. Осылайша, 1991 жылдан Жапония Дамуға ресми көмек арқылы Орталық Азия мемлекеттеріне қарыздық негізде қолдау көрсетіп келеді. Бастапқы жылдары әрбір Орталық Азия мемлекеті үшін Дамуға ресми көмек бағдарламасы шеңберінде берілетін қолдаудың максималдық көлемі 100 млн. долларды құрайды деп есептелді. Бірақ уақыт өте келе реципиент мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне шығын келтірмейтін етіп Қазақстан үшін несиенің көлемі 200 млн. долларға көбейтілді [2].

Мұндай Даму бойынша ресми көмек әрине сөзсіз КСРО-ның құлауынан кейінгі Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық қалпына келуінде маңызды рөл атқарды. Алайда мұндай көмекті бөлу арқылы жапон үкіметі де ұлттық мүдде тұрғысынан әрекет етіп отыр. Жапонияның ұлттық мүддесінде ең алдымен, экономикалық мүдде басым болып отыр. Жапон үкіметін аймаққа қаржы салудың тиімділігі қызықтырады, себебі бұл қаржы қайтарымды болмақ. Осындай экономикалық көмек Жапонияның Орталық Азия мемлекеттерінің сеніміне ие болуына және кейінгі жылдардағы екіжақты деңгейде экономикалық байланыстарды дамытуына мүмкіндік берді. Екіншіден, Жапония аймақтағы тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауға ұмтылған болатын. Аймақтың қауіпсіздігі жапон елінің қауіпсіздігіне төнетін қауіптің алдын алуға кепілдік береді. Сондықтан да Жапония ХХ ғ. 90-жж. Орталық Азияға қатысты саясатында экономикалық көмек сияқты бағдарламалармен қатар, аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етуде қолда көрсетуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастырды. Солардың маңыздысы ретінде Жапонияның аймақтағы мемлекеттердің ядролық қарудан бас тартуына қолдау көрсетуін қарастыруға болады.

«Қырғи-қабақ соғыс» аяқталғаннан кейінгі посткеңестік кеңістіктегі ядролық қарудың тағдыры қалай шешілмек деген мәселе жетекші аймақтық күш ретінде Жапонияны ерекше алаңдатты. Халықаралық қатынастарда ядролық қаруға ие жаңа мемлекеттің пайда болуы Жапонияның ғана емес, жалпы лағанда халықаралық қауіпсіздік пен ядролық қаруды таратпау тәртібі үшін аса күрделі салдарларға әкелер еді. Әсіресе, Орталық Азияға қатысты мәселе қозғалғанда, жапон басшылығын Қазақстанның тағдыры алаңдатты. Сондықтан 90-жж. басындағы Жапония мен Қазақстан басшылығы арасындағы келіссөздерде ядролық қару мәселесі өзекті болды. Жапон басшылығы Қазақстанның Лиссабон хатамасына қол қоюы сияқты ядролық қарудан бас тартуға бағытталған сыртқы саяси іс-шараларына толыққанды

қолдауын білдірді. 1994 ж. 6-9 сәуірінде Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаевтың Жапонияға бірінші ресми сапары болды. Оның бараысында тараптар өзара достық қарым-қатынастарды дамытуға ниеттестігін байқатты. Сонымен қатар, жапон басшылығы Қазақстан Республикасының Ядролық қаруды таратпау туралы келісімге қосылуын қолдайтындығын мәлімдеді. Тараптар Қазақстан Республикасындағы ядролық қаруды жою саласындағы ынтымақтастық бойынша келісімге сәйкес елдегі ядролық қаруды жою мақсатында өзара ынтымақтасуға ниеттестігін байқатты. Сондай-ақ, біріккен мақсатқа қол жеткізу үшін ынтымақтастық бойынша комитетті құру жұмыстарын жеделдету туралы келісті [3].

Жалпы алғанда, Жапонияның Орталық Азиядағы саясатының бірінші кезеңіндегі тараптардың арасындағы қарым-қатынастардың қалыптасуы, дамыған және жамушы мемлекеттер деңгейіндегі байланыстардың негізі қалануы кезеңі деп сипаттауға болады.

1996 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі екінші кезеңде Жапонияның сыртқы саясатында Орталық Азия аймағы елдерінің рөлі айрықша артты. Біріншіден, нақты осы кезеңде жапон басшылығын аймақ мемлекеттерімен ынтымақтастық бағыттарын анықтаған стратегиялық құжаттар қабылданды. Екіншіден, Жапония мен Орталық Азия арасындағы қарым-қатынастар экономикалық, саяси және мәдени саланы қамтыды.

XX ғ. 90-жылдарының екінші жартысында Жапонияның Орталық Азияға қатысты саясатын айқындаған маңызды құжаттардың қатарында «еуразиялық дипломатия» мен «Ұлы Жібек Жолы дипломатиясы бойынша әрекеттер жоспары» қарастырылады. Бұл құжаттардың қабылдануы Жапонияның Орталық Азияға қатысты қызығушылығының артқандығын байқатты.

«Еуразиялық дипломатия» бұл - Жапонияның Орталық Азия, Ресей, Қытай және Кавказ маңы мемлекеттеріне қатысты сыртқы саяси стратегиясы. «Еуразиялық дипломатия» тұжырымдасының бастамашысы - Парламентаралық лиганың төрағасы, Жапония парламентіндегі қауымдар палатасының депутаты М. Судзуки. Ресми деңгейде «еуразиялық дипломатия» тұжырымдамасы 1997 ж. 24 шілдесінде Жапонияның премьер-министрі Рютаро Хасимотомен Экономикалық бірлестіктердің қоғамдастығы жиналысында ұсынылды. Тұжымдаманың қабылдануының басты себебі – Жапонияның Қытай, Ресей, Орталық Азия мен Кавказды қамтыған Еуразия аталған кеңістіктің ынтымақтастығының жан-жақты дамуына қатысты өзіндік көзқарасты қалыптастыру ұмтылысынан туындаған болатын.

Бұрынғы премьер-министр Р. Хасимотоның ұсынған баяндамасында Жапонияның негізгі сыртқы саяси бағыттары айқын көрсетіліп, «еуразиялық дипломатия» тұжырымдамасын жүзеге асыруға айрықша көңіл бөлінген. Р. Хасимотомен келесі мәселелер қамтылды: «қырғи-қабак соғыстан» кейінгі жалпы халықаралық жағдай; жапон-американдық міндеттемелерді бекіту; еуразиялық дипломатияны дамыту; Жапонияның

Ресеймен қарым-қатынастар; Жапонияның Қытаймен қарым-қатынастар; Солтүстік аралдар мәселесі; Жапонияның «Жібек жолы» мемлекеттерімен байланыстар. Ең бастысы, Р. Хасимотоның баяндамасында еуразиялық дипломатия жапон сыртқы саясатының басымдықтарының біріне айналуы тиіс деп мәлімделді [4].

Орталық Азияға қатысты мәселеде «еуразиялық дипломатия» тұжырымдамасына сәйкес Еуразия аумағына кіретін Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынастарды дамытудың келесі негізгі бағыттары белгіленді:

- өзара сенім мен түсіністікті нығайту мақсатындағы саяси диалог;
- экономикалық ынтымақтастық және табиғи ресурстарды игеру саласындағы ынтымақтастық;

3. ядролық қаруды таратпау, демократияландыру және тұрақтандыру нәтижесінде аймақтағы бейбітшілікке қол жеткізу.

Нәтижесінде премьер-министр Р. Хасимотоның «еуразиялық дипломатия» тұжырымдамасы негізінде Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастық қарқынды сипат алды. Саяси байланыстардың орнығуына ықпал еткен маңызды кездесулер өтті. Сонымен қатар, кейінгі билік басына келген премьер-министр К. Обути Орталық Азияға қатысты саясатта алдыңғы басшылықтың бағдарын жалғастыратындығын байқатты. 1998 ж. тамызда билікке келген К. Обути үкіметі Орталық Азия мемлекеттерімен белсенді ынтымақтастықты орнықтыруға ұмтылды. Осы мақсатта 1998 ж. қаңтарында аймаққа қатысты жаңа құжат «Ұлы Жібек жолы дипломатиясы бойынша әрекеттер бағдарламасы» қабылданды. Оған сәйкес аймақтағы республикалардың инфрақұрылымын дамыту мен жетілдіру, сонымен қатар, табиғи қорларды игеруде оларға көмек көрсету қажеттілігіне мән берілді.

Бағдарлама бойынша Ұлы Жібек жолын қалыпна келтіру мақсаты көзделді және ол Ресейді қамтымады. Осылайша, белгілі бір деңгейде Ресейге бағынбайтын Азиядан Еуропаға транспорттық жолды салу қарастырылды.

Нәтижесінде ХХ ғ. 90-жылдардың екінші жартысында Жапонияның сыртқы саясатында Орталық Азияның рөлі артты деуге толық негіз бар. Әсіресе, 2001 ж. 11 қыркүйектегі лаңкестік оқиғалардан кейін да жапон үкіметі аймақтағы мемлекеттермен өзінің ынтымақтастығын саяси диалог деңгейіне көтеруге ұмтылды. Бұған дәлел, 2004 жылдың тамыз айында ұсынылған «Орталық Азия және Жапония» ынтымақтастығы. «Орталық Азия және Жапония» диалогы құрылуының басты мақсаты - лаңкестік, есірткі тасымалы, су және энергия ресурстары сияқты ортақ мәселелерді шешудегі ішкі аймақтық ынтымақтастықты орнату. Халықаралық ынтымақтастық бойынша Жапон агенттігі осы аталған диалогта белсенді рөлге ие болды. Сондай-ақ, Жапония «Орталық Азия және Жапония» бастамашылығы арқылы тек қана Орталық Азия емес, сонымен бірге Еуразия аумағында да маңызды геосаяси рөлге ие болуға ұмтылып отырғандығы туралы да пікірлер бар [5].

Осылайша, Жапония осы аймақ мемлекеттерімен тек экономикалық байланыстар орнатып қана қоймай, сондай-ақ бұл аймақтың тұрақты болуына барынша септігін тигізіп отыр. Жапония ұзақ-мерзімдік энергетикалық қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында Орталық Азия мемлекеттерімен белсенді қарым-қатынастарын дамытып отыр. Әсіресе, осы аймақтағы байланыстарда Қазақстанның орны бөлек. Жапондық компаниялармен тығыз экономикалық байланыстарды орнатқан қазақстандық компания «Казатомпромның» қызметі осыған дәлел. Екіжақты байланыстар тек минералдық ресурстарды ғана емес, сондай-ақ жол құрылыс материалдарының тасымалы, мұнай мен газ өндірісіне қажетті химикаттардың тасымалы, NEXI сияқты сақтандыру ұйымының қатысуымен қаржыландыру сияқты жаңа іс-шаралармен толығуда.

Стратегиялық әріптестік қарым-қатынастарына негізделген Жапония мен Қазақстанның экономикалық байланыстары да нығайып отыр. Сыртқы саясаттағы негізгі құжат болып есептелінетін «Көк кітапқа» сүйенер болсақ, 2003 ж. екіжақты сауда айналымында Жапонияға жіберілген Қазақстан экспорты 17,9 млрд. иенді, Жапониядан келген импорт көлемі 11,5 млрд. иенді құраған. Тікелей инвестиция көрсеткіші 2002 ж. наурызында 157 милл. иенді құраған. Даму бойынша ресми көмек бойынша салым - 88,8 млрд. иен, грант - 5,1 млрд. иен, техникалық ынтымақтастық - 5,9 млрд. иенді құраған [6].

Қорытындылайтын болсақ, қазіргі таңда Жапонияның сыртқы саясатында елеулі өзгерістер болып жатыр. Бұл өзгерістер екіполярлық жүйенің құлауынан кейін 90-жж. бастап орын ала бастады. Жаңа әлемдік тәртіптің шарттарына бейімделе отырып Жапония елдің ішкі заңнамалық негіздеріне ғана емес, сондай-ақ сыртқы саяси бағыттарға да өзгерістер енгізе бастады. Мәселен, энергетикалық қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында Жапонияның сыртқы саяси бағыттарында Орталық Азия мен Кавказ елдері сияқты жаңа бағыттар пайда болды. Әсіресе, соңғы кездері Жапонияның Орталық Азия елдерімен қарым-қатынастары белсенді дамып отыр. Жапонияның сыртқы істер министрі атап өткендей, Жапонияның Орталық Азияда мүддесі жоғары болып отыр [7]. Сондықтан да Орталық Азия аумағы географиялық алшақтығы мен экономикалық инфрақұрылымдарының сәйкес келмеуіне қарамастан, Жапонияның сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі болып қала бермек.

1 Комиссина И.Н. Япония и Центральная Азия: партнерство набирает силу // Центральная Азия и Кавказ. - №2, 1999. – С. 80

2 Усубалиев Э. Политика Японии в странах Центральной Азии в контексте возможного появления нового центра силы // Центральная Азия и Кавказ, №5, 2001. - С.160

3 Токаев К.К. Под стягом независимости. Очерки о внешней политике Казахстана. - Алматы, 1997. – С. 312

4 Address by Prime Minister Ryutaro Hashimoto to the Japan Association of Corporate Executives// <http://russia.shaps.hawaii.edu>

5 Christopher Len. Japan brings balance to Central Asia // www.atimes.com/atimes/Japan/HB18Dh03.html

6 Japan-Kazakhstan Relations // www.mofa.go.jp/region/europe/kazakhstan/index.html

7 Speech by Mr. Taro Aso, Minister for Foreign Affairs at the Japan National Press Club (Central Asia as a Corridor of Peace and Stability) // www.mofa.go.jp/region/europe/speech0606.html

На современном этапе, между Японией и странами Центральной Азии не существует каких-либо крупных противоречий и проблем принципиального характера и в целом, ничто не препятствует активному наращиванию взаимного сотрудничества. По истечении более чем 20 лет политики Японии в регионе назревает объективная необходимость осмысления ее итогов и результатов, проблем и перспектив в XXI столетии. В связи в данной статье была предпринята попытка рассмотрения роли центрально-азиатских стран во внешней политике Японии с 90-х годов. В статье рассматриваются развитие отношений Японии со странами Центральной Азии начиная с 90-х годов.

At the present stage, between Japan and the countries of Central Asia, there are no major contradictions and problems; in general, nothing prevents the active building of mutual cooperation. At the end of more than 20 years of Japan's policy in the region matures the objective necessity of understanding the outcomes and results, problems and prospects in the twenty-first century. In view of this article was an attempt to examine the role of Central Asian countries on Japan's foreign policy from the 90-s. The author considered the development of the relations between Japan and Central Asian countries from the beginning of 90's years of XX century.